

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 594 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 шілдедегі № 444 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.07.2018 № 444 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 329 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін езгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі болып;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитетінің "Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі болып;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті осы қаулының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне берсін.

6. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 қазандығы
№ 594 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Дін істері және
азаматтық қоғам министрлігі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекеттік жастар саясаты, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мен іске асыру, сыйлықақылар беру, гранттар ұсыну және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бүйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, № 15 кіреберіс.

Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - КР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

10. Министрліктің толық атауы – "Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы:

діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, жастар саясаты, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мен іске асыру, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру салаларында мемлекеттік реттеу.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

15. Міндеттері:

1) діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы, жастар саясаты, волонтерлік қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) Министрліктің құзыретіне жататын қызметі салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

16. Орталық аппараттың функциялары:

1) діни қызмет, ішкі саяси тұрақтылық, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы, мемлекеттік жастар саясаты, волонтерлік қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) Министрлік реттейтін салаларда жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасау және үйлестіруді жүзеге асыру;

3) саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, коммерциялық емес ұйымдармен және өзге де ұйымдармен Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

4) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ келісімдер, меморандумдар және шарттарды, оның ішінде Министрлік реттейтін салаларда халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу;

5) Министрлік реттейтін салаларындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

6) Министрліктің стратегиялық жоспарын бекіту;

7) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

8) Министрлік реттейтін салаларда мемлекеттік ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік

анықтамалықтарын немесе үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту;

9) қызметтік куәлікті беру тәртібін және оның сипаттамасын әзірлеу және бекіту;

10) Министрліктің мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жұмысын бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

11) Министрлік реттейтін салаларда мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерін аттестаттау қағидаларын бекіту;

12) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және бекіту;

13) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

14) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіру;

15) діни қызмет саласында шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

16) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту;

17) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

18) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органдар келісім бойынша Министрлік реттейтін салаларда әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту;

19) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сакталуын қамтамасыз ету;

20) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;

21) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заннаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насиҳат және қарсы насиҳат жұмыстарын жүргізу;

22) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауапкершілікке тарту;

- 23) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;
- 24) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 25) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 26) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 27) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үрдістерін талдауды және болжауды жүзеге асыру;
- 28) білім және тәрбие жүйесі ұйымдарына мемлекеттік жастар саясаты саласында қажетті консультативтік көмек көрсету;
- 29) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 30) мемлекеттік жастар саясаты және білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;
- 31) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;
- 32) әкімдіктер жанындағы жастар істер жөніндегі кеңестер туралы ұлгілік ережені әзірлеу және бекіту;
- 33) республикалық жастар форумын өткізу тәртібін және өнірлік жастар форумы туралы ұлгілік қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 34) жастар ресурстық орталықтары туралы ұлгілік ережені әзірлеу және бекіту;
- 35) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін әзірлеу;
- 36) жастардың волонтерлік қызметін дамытуға жәрдемдесу;
- 37) "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын дайындау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;
- 38) Министрлік жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің қызметін заңнамаға сәйкес қамтамасыз ету және құру;
- 39) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекіту;
- 40) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыларды беру қағидаларын бекіту;
- 41) уәкілетті орган жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесін құру, оның ережесін және құрамын бекіту;
- 42) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту;

43) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингінің қорытындылары бойынша ақпарат беру;

44) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын бекіту;

45) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысанын бекіту;

45-1) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды бекіту;

45-2) волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын бекіту;

45-3) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

46) жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерін аккредиттеу;

47) сарапшылық кеңестің қарауына мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерден басқа, кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді енгізу;

48) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен;

49) қоғамдық кеңес құру;

50) қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

51) қоғамдық кеңестің жұмыс тобының құрамындағы өкілдіктің дербес құрамын белгілеу;

52) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;

53) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдік құрамын бекіту;

54) Қоғамдық кеңес қызметі туралы ережені бекіту;

55) қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

56) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен;

57) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен;

58) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен;

59) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен;

60) интернет-порталда ашық бюджеттердің ақпаратын орналастыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актіні келісу;

61) ақпараттың сапасына және уақтылы берілуіне ішкі бақылау жүргізу;

62) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

17. Ведомстволардың функциялары:

- 1) тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;
- 2) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;
- 3) Министрлік ведомстволарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- 4) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру;
- 5) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асыру;
- 6) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасау;
- 7) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу;
- 8) респубикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;
- 9) мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;
- 10) ведомстволық ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясина) басшылықты жүзеге асыру;
- 11) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын асыруға қатысу;
- 12) республикадағы діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізу;
- 13) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің және рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу мен талдау жүргізу;
- 14) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауына келісім білдіру;
- 15) дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету;
- 16) жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты өтініштерін қарau;
- 17) Қазақстан Республикасының діни қызмет саласындағы заңнамасын бұзатын жеке және занды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 18) конфессияларың келісім мен діни төзімділікті нығайту бойынша жастар арасында түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

19) жастар ұйымдарымен конфессияаралық келісім мен діни төзімділікті нығайту бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

20) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни төзімділікті нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

21) ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізу;

22) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

23) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

24) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

25) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және занды тұлғалардың оларға қол жеткізуін ұйымдастыру;

26) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын жүргізуді жүзеге асыру;

27) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізу үшін "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес берілетін мәліметтерді тексеруді жүзеге асыру;

28) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебін қарau;

29) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыларды беруді жүзеге асыру ;

29-1) Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет туралы ақпаратты жинақтау мен қорытуды жүзеге асыру;

29-2) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды әзірлеу;

29-3) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға қатысуға және волонтерлік акцияларды өткізуге волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді тарту тәртібі жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

29-4) волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу;

29-5) волонтерлік қызмет саласында жеке, занды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

29-6) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 17-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалды сұрату және алу;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

4) Министрліктің жаңынан консультативтік-кеңесші органдарды құру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен , сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша олармен бірлескен актілер негізінде басқада мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

19. Министрлікке басшылық етуді Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруда дербес жауапты болатын Министр жүзеге асырады.

20. Министрді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындауды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

22. Министрдің өкілеттіктері:

- 1) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 3) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;
- 4) сарапшылық кеңестерді және өзге де Министрлік жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құрады;
- 5) өз орынбасарларының (вице-министрлерінің) өкілеттіктерін белгілейді;
- 6) орынбасарлардың (вице-министрлердің) біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Премьер-Министр Кеңесінің Басшысына жіберілетін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктейді;
- 7) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;
- 8) Министрлікті Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;
- 9) Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;
- 10) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;
- 11) Министрлікке сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;
- 12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министр болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 659 қаулысымен.

24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Министрліктің мұлкі

25. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Министрлікке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен

сатып алынған мүлікті дербес иелікten шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

28. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2017 № 537 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі

"Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті

1. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті

1. "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 қазандығы
№ 594 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды

бери туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік үйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саиси жұмыс комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 224-38-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне

375. "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 552 қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім, ғылым және балалардың құқықтарын қорғау салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.";

15-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету;";

5-1), 5-2), 5-3) және 5-4) тармақшалар алып тасталсын;

5-5) және 5-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-5) білім беру мәселелері бойынша жастар үйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5-6) білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;";

5-7), 11), 50), 50-1), 50-2), 50-3), 50-4), 73) және 73-1) тармақшалар алып тасталсын.

4. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

3-бөлімде:

мына:

"

3	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	3534
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	3248

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	3409
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	3188

";

21) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

6-бөлімде:

мына:

"

6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	989,5
---	--	-------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	967,5
---	---	-------

" ;

11-бөлімде:

мына:

"

11	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	3951
----	--	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

11	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	3577
----	---	------

" ;

мынадай мазмұндағы 13-бөліммен толықтырылсын:

"

13	Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	263
	Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	60
1)	"Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы" РММ	30
2)	"Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" РММ	30

" .

5. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 58, 550-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мәдениет, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, мұрагат ісі және құжаттама, деңе шынықтыру және спорт, ойын бизнесе, лотереялар және лотерея қызметі салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

14-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мәдениет, тілдерді дамыту, мұрағат ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласында мемлекеттік реттеу, сондай-ақ ел бірлігінің нығаюының тиімді жүйесін қолдау.>";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Міндеттері:

1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, мұрағат ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру;

2) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, мұрағат ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.>";

16-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мұрағат ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру.>";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мұрағат ісі және құжаттама, дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту.>";

25) тармақша алып тасталсын;

78) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"78) театр, музыка өнерін, кинематографияны, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөніндегі республикалық маңызы бар мемлекеттік мәдениет, дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, мәдениет, мұрағат ісі, дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ спорттық медицина ұйымдары қызметіне басшылықты жүзеге асыру.>";

96) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"96) саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау.>";

98) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"98) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәдениет, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысын тағайындауды келісу.>";

119) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"119) мәдениет, мұрағат ісі, дene шынықтыру және спорт саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасау және үйлестіруді жүзеге асыру;";

119-1) тармақша алып тасталсын;

17-тармақта:

8-2) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізу;";

10-2), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 19), 19-1), 20), 21-1), 22), 23), 25), 26), 27), 28)

және 29) тармақшалары алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

қайта аталатын республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 57 және 58-жолдар алып тасталсын.

6. "Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландырудың кейір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1192 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 630-кужат):

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарының Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне берілуін;".